

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау  
министрлігіҚазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрінің м.а.  
2025 жылғы 11 қарашадағы № 708  
бұйрығыМинистерство здравоохранения Республики  
Казахстан

**«Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген шекті шама шеңберінде  
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» коммерциялық емес  
акционерлік қоғамының 2025 жылға арналған комиссиялық сыйақысының  
пайыздық мөлшерлемесінің шамасын белгілеу туралы» Қазақстан  
Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2025 жылғы 3 ақпандағы № 76  
бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

**БҰЙЫРАМЫН:**

«Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген шекті шама шеңберінде  
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» коммерциялық емес акционерлік  
қоғамының 2025 жылға арналған комиссиялық сыйақысының пайыздық  
мөлшерлемесінің шамасын белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық  
сақтау министрінің 2025 жылғы 3 ақпандағы № 76 бұйрығына мынадай өзгеріс  
енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» коммерциялық емес  
акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қор) 2025 жылға арналған қызметін жүзеге  
асыруға Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген шама шеңберінде  
Қордың комиссиялық сыйақысының пайыздық мөлшерлемесінің шекті шамасы  
есепті айда Қордың шотына түскен активтер мөлшерінің 1,55 пайызы  
белгіленсін.»;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. Қор 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін Қазақстан Республикасы  
Жоғары аудиторлық палатасының 2023 жылғы 1 ақпандағы № 2-5-Н, № 2-1-Н



«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код



ҚР НҚА ЭББ-гі нақты  
құжатқа сілтеу QR-коды

нұсқамаларына сәйкес республикалық бюджетке 3 772 677 мың теңге сомасындағы өтемақыны төлеуді қамтамасыз етсін.»).

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Экономика, қаржы және корпоративтік басқару департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрық қабылданған күннен бастап бес жұмыс күн ішінде қазақ және орыс тілдерінде электрондық түрдегі оның көшірмелерін ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

**Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін  
атқарушы**

**Т.  
Мұратов**